КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 24.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 03.08.2026, судья Байтенов С. К., 03.08.2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 22 маусым №5165-26-00-2/1691 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Казгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Садыкова Е.А» Садыкова Елшат Адилхановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Казгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Садыкова Е.А» Садыкова Елшат Адилхановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Садыкова Е.А» Садыкова Елшат Адилхановнаданмемлекет пайдасына 2163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 24.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 03.08.2026, судья Байтенов С. К., 03.08.2026

5165-26-3-1/1661